

Баға ұсыныстарын сұрату тәсілімен сатып алуды өткізу туралы хабарландыру

Сәрсен Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан Университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамы сатып алуды Ұйымдастырушының заңды мекен-жайы: Қазақстан Республикасы, ШҚО, 070020, Өскемен қаласы 30-шы Гвардиялық дивизия к-сі, 34; сатып алуды Ұйымдастырушының нақты мекен-жайы: Қазақстан Республикасы, ШҚО, 070020, Өскемен қаласы, Қазақстан к-сі, 55, 1-қосымшада көрсетілген тауарларға AP19677974 «Өнеркәсін қажеттіліктері үшін нирконий оксиді негізіндегі керамика синтезінің технологиясын жасау» гранттық қаржыландыру жобасы шеңберінде ғылыми-зерттеу жұмыстарына баға ұсыныстарын сұрату тәсілімен сатып алуды өткізу туралы хабарлайды.

Қазақстан Республикасы, ШҚО, 070002, Өскемен қаласы, Бітібаева к-сі, 18/1, 15 каб. мекен-жайы бойынша Тапсырыс берушінің орналасқан жерінде Жеткізушінің мамандарымен тауарлар жеткізілуі тиіс.

Талап етілетін жеткізу мерзімі 1-қосымшада көрсетілген, техникалық сипаттама 1.1-қосымшада көрсетілген.

Әлеуетті өнім беруші баға ұсыныстарымен бірге:

1. Салық берешегінің жоқтығы туралы анықтама;
2. Заңды тұлғаны әрекетсіз заңды тұлға деп тану немесе оның қатысушыларының әрекетсіз заңды тұлғаларға қатыстылығы туралы анықтама беру
3. Банктегі ақша шотының анықтамасы;
4. Заңды тұлғалар үшін: заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу туралы куәлік;
5. Жеке тұлғалар үшін: дара кәсіпкерді мемлекеттік тіркеу туралы куәліктің көшірмесі;
6. Кепілдік және кепілден кейінгі қызмет көрсету туралы мәліметтер;
7. Әлеуетті өнім берушіден мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылардың тізілімінде тұрмағандығы және өткізілетін сатып алу шеңберінде дәйексіз мәліметтер ұсынғаны үшін жауаптылығы туралы хабардар екендігі туралы растау анықтамасы.

Әлеуетті өнім берушілер өтінімдерді мөрмен бекітілген желімделген конвертте «Сәрсен Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан Университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамына мына мекен-жай бойынша ұсынады: Қазақстан Республикасы, 070004, Шығыс Қазақстан облысы, Өскемен қаласы, Қазақстан көшесі, 55, №407 каб.

Баға ұсыныстарын сұрату тәсілімен сатып алуға қатысу үшін баға ұсыныстары ұсынылатын соңғы мерзім 2025 жылдың «02» қыркүйегінде, сағ. 18:00-ге дейін.

Баға ұсыныстарын қарастыру комиссиясы отырысы Қазақстан Республикасы, ШҚО, 070004, Өскемен қаласы, Қазақстан көшесі 55, «Абай» конференц-залы мекенжайы бойынша 2025 жылдың «03» қыркүйегінде өтеді.

Толық ақпаратты және анықтаманы 8 (7232) 241-328 байланыс телефоны арқылы алуға болады.

Тауарлар, қызметтер және жұмыстарды сатып алуды ұйымдастырушының уәкілетті өкілі: басқарма мүшесі – ғылыми жұмыс бойынша проректор – Есенбек Жұмағали Бейсенбайұлы, байланыс телефоны: 8(7232) 241-328.

**«Сәрсен Аманжолов атындағы
Шығыс Қазақстан университеті»
КЕ АҚ Басқарма Төрағасы –
ректоры, профессор**



М.Төлеген